



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№15 (1973) 5 МАМЫР 2025 ЖЫЛ

Қаһармандықтың символына айналған күн

Құрметті ардагерлер, әріптестер және студенттер!
Сіздерді Ұлы Жеңістің 80 жылдығымен құттықтаймын!

9 Мамыр – ел тарихында ерекше орны бар, әрбір қазақстандық үшін ұмытпас күн.

Елдік рух пен қаһармандықтың символына айналған бұл күн – майданда және тылда ерлік көрсеткен аталарымыз бен әжелеріміздің, әкелеріміз бен аналарымыздың рухына тағзым ететін күн. Азаттықты қорғаған, ұрпаққа болашақ сыйлаған аға буынның қайталанбас ерлігі мен еңбегін дәріптеу баршамыздың парызымыз.

Соғыс жылдары университетіміздің оқытушы-профессорлары мен білім алушы жастары Ұлы Жеңісті жақындатуға өлшеусіз үлес қосты. Университеттен 287 қызметкер мен студент майданға аттанып, көпшілігі ерлікпен қаза тапты. Олардың қатарында Кеңес Одағының Батыры атағын алған ҚазҰУ студенті Попов Александр Григорьевич пен Әскери кафедра меңгерушісі, 1941 жылы студенттер арасынан атқыштар бригадасын құрған, «Қызыл Ту» орденінің иегері Полевик Василий Алексеевич сынды қаһармандар бар. Университет ардагерлерінің ерлігін дәріптейтін бірегей материалдар мен экспонаттар бүгінде ҚазҰУ мұражайында сақтаулы.



Біз білім мен ғылымды дамытумен қатар, мәдениеттер арасын жақындастыруға, ел аралық ынтымақтастықты дамытуға, бейбітшілікті нығайтып, тарихи сананы жаңғыртуға және патриотизмді күшейтуге бағытталған игі істерімізді жалғастыра береміз.

Сіздерге мықты денсаулық, әр шаңыраққа жақсылық-қуаныш, еңбектеріңізге табыс тілеймін.

Ел іргесі бүтін болсын!

**Құрметпен,
Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**

Отанды қорғау – перзенттік парыз

Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымы, білім алушы жастар, Әскери кафедра офицерлері мен курсанттары!

Сіздерді Отан қорғаушылар күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Еліміздегі ынтымақ пен бірлікті, бейбітшілік пен тыныштықты сақтап, қастерлі құндылықтарды орнықтыра түсу үшін бұл мерекенің маңызы зор.

Мемлекет басшысы – Қазақстан Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Бүкілармиялық кеңес отырысында «Әскери білім және ғылым жүйесін дамыту – аса маңызды міндет. Әскери академиялар, институттар әлемдік стандарттарға сай болуға тиіс. Осы саладағы жоғары оқу орындарының материалдық базасы мен оқу бағдарламасын заман талабына сай бейімдеу қажет» – деп атап өтті.

Айбынды әскеріміз – егемендігіміздің кепілі, мемлекеттілігіміздің тірегі. 1934 жылы университетпен бірге негізі қаланған ҚазҰУ Әскери кафедрасы бүгінге дейін 50 мыңнан

астам запастағы офицерлерді дайындады. Бүгінде Әскери кафедрада ұлдармен қатар, қыздар да 20 әскери-есептік мамандық бойынша әскери дайындық курстарынан өтуде. Әскери кафедра түлектері алдағы уақытта да Отан алдындағы борыштарын абыроймен атқаратынына сенімдімін.

Отанды қорғау – әр азаматтың перзенттік парызы, ел алдындағы үлкен жауапкершілік.

Бейбіт еліміздің тыныштығы баянды болсын.

Сіздерге мықты денсаулық, отбасыларыңызға құт-береке, еңбектеріңізге табыс тілеймін!

**Құрметпен,
Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**

Жаңа мүмкіндіктер кілті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде дәстүрлі «Digital Farabi – 2025» халықаралық форумы өтті. Биылғы форум «Қазақстан экономикасының дамуындағы жасанды интеллект және жоғары өнімді технологиялар» тақырыбына арналды.

Ауқымды іс-шарада ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев,

NVIDIA корпорациясының корпоративтік бизнесті дамыту жөніндегі аға менеджері Антон Джораев, ASUS компаниясының тренинг менеджері Алмат Әбілхан, IT саласындағы білікті мамандар, ірі компаниялардың және холдингтердің өкілдері, инвесторлар, жас зерттеушілер, оқытушылар мен ғалымдар бас қосты.

ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек: «Бүгінде әлемдік аренада жасанды интеллект саласы қарқынды дамып келе жатыр. Осы ретте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев аталған

саланы дамыту бойынша алдымызға үлкен міндет қойып, тапсырма жүктеді. Біз бұл әлемде болып жатқан өзгерістерден және жаңашылдықтан қалып қоймауымыз қажет. Ғылымға, білімге және технологияда пайдаланып, оның дұрыс және қажетті қасиеттерін алуымыз міндет», – деп атап өтті.

ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев жасанды интеллект саласы бойынша университетте атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. «Жасанды интеллект – тек технология емес, бұл жаңа мүмкіндіктердің кілті.



Біздің міндетіміз – тек осы технологияларды енгізу ғана емес, сонымен қатар олардың тұрақты дамуы үшін жағдай жасау. ҚазҰУ қазақ тілін ғылым

тіліне айналдыру мәселесіне басымдық береді», – деді ректор.

Жалғасы 2-бетте

3-бет

**Жеңіске
үлес қосқан
жастар**




4-5-беттер

**Была война...
Была
Победа...**



6-бет

**Экологиялық
қауіпсіздік
зертханасы**



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Түркияның Орду университетінің ректоры Орхан Баш бастаған делегациямен кездесу өткізді.

Орду университеті ректорымен кездесу



ҚазҰУ ректоры түркиялық жоғары оқу орындарымен көпжылдық ынтымақтастықтың маңыздылығын атап өтті. «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Түркияның 46 жоғары оқу орнымен байланыс орнатқан. Болашақта ғылым және білім, мәдениет салаларындағы серіктестікті дамыту қажет. Қазіргі уақытта

университетте 105 түркиялық студент білім алуда», – деді ректор.

Өз кезегінде ілтипат білдірген Орду университетінің ректоры Орхан Баш оқу ордасының басшылығына ризашылығын білдіріп, серіктестікті одан әрі нығайтуға ниетті екенін жеткізді.

Жаңа мүмкіндіктер кілті

Соңы. Басы 1-бетте

Форум аясында Алматыдағы университет студенттерінің және мектеп оқушыларының стартап жобаларына арналған көрме ұйымдастырылды. Мұнда жасанды интеллект арқылы іске асырылған ғылыми әзірлемелер қойылған.

Сондай-ақ білім алушы жастар арасында «FIFA PS» жарысы өтті. Шара соңында үздік стартаптардың авторлары мен «FIFA PS» жеңімпаздарына диплом және бағалы сыйлықтар табысталды.



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Ирандағы Таботабие университетінің вице-президенті Манадан Тишеярмен кездесу өткізді.

Иран университетімен ынтымақтастық



верситетінің зерттеушілерімен бірге жүзеге асыруды ұсынамын», – деді ректор.

Өз кезегінде Манадан Тишеяр ілтипат білдіргені үшін оқу ордасының басшылығы мен

ұжымына ризашылығын жеткізіп, ынтымақтастықты жандандыруға бағытталған бірқатар ұсыныс-пікірін ортаға салды.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Дұрыс тамақтануды зерттеу орталығы ашылды



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Дәрілік өсімдіктерді ғылыми-зерттеу орталығының базасында Қазақстан – Қытай денсаулыққа пайдалы тағамдарды зерттеу орталығы ашылды.

Орталықты ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев пен Бейжің технология және бизнес университетіндегі тамақтану және денсаулық факультетінің профессоры Лю Синцзю іске қосты.

Аталған ғылыми орталық елімізде өсетін дәрілік өсімдіктерді тереңірек зерттеуге жол ашады. Соның ішінде Қа-

зақстандағы соя бұршағының қасиеті мен құрамына талдау және сараптама жасалады. Нәтижесінде соя бұршағынан адам ағзасына пайдалы тағам түрлерін әзірлеу бойынша жұмыстар жүргізіледі.

Кездесу барысында Жансейіт Түймебаев құрметті қонақтарға ҚазҰУ-дың ғылыми инфрақұрылымы туралы ақпарат беріп, университеттің Қытай ЖОО-ларымен бірлесіп атқарып жатқан жұмыстарға тоқталды.

Келіссөз барысында тараптар серіктестікті арттыру, ғалымдар арасындағы әріптестік байланысты дамыту жөнінде пікір алмасты.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да өткен кезекті Ғылыми кеңесте университетті дамыту және 2024 жылға арналған ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметтің нәтижелері талқыланды.

Күн тәртібінің бірінші мәселесі ақпараттық технологиялар факультетінің атауын өзгерту болды. Ақпараттық технологиялар факультеті деканының міндетін атқарушы Олжас Тұрар өз баяндамасында бұл қадамның қажеттілігін негіздеді. Ол факультеттің атауын «Ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект» деп өзгерту білім беру бағдарламаларын өзектендіру және мемлекеттік саясатқа, еңбек нарығының заманауи талаптарына сай болу мақсатымен байланысты екенін атап өтті.

Кеңес мүшелері ұсынылған өзгерістерді талқылап, өз пікірлерін білдірді. Осы орайда, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев жаңа атауға ие болған факультетке үлкен үміт артылып отырғанын және бакалавриат, магистратура, докторантура үшін жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеу қажеттігін атап өтті. Декан Олжас Тұрар сондай-ақ білім берудің үш деңгейінде

Жасанды интеллект жайы талқыланды



жаңа Жасанды интеллект кафедрасын ашуды ұсынды.

Ғылыми кеңес отырысында Басқарма мүшесі – ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор міндетін атқарушы Марғұлан Ибраимов, Технологияларды коммерциализациялау және креативті салалар орталығының директоры Алмас Гаухар 2024 жылға арналған ҚазҰУ-дың ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметінің нәтижелері туралы баяндама жасады.

2022 жылмен салыстырғанда 2024 жылы жаңа жабдық-

тарға қаржыландыру екі есе артты, университет тарапынан жұмсалған сома 10 млрд теңгеден асты. Осы орайда, ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев әлемдік ғылымның жаңа талаптарына байланысты ғалымдарға ғылыми зерттеулердің сапасын арттыру және коммерциализациялау мақсатында жұмыс талаптары мен әдістерін қайта қарап, бұл арқылы университет нақты және сапалы нәтижелерге қол жеткізуге керектігін баса айтты.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ

Жеңіске үлес қосқан жастар

Екінші дүниежүзілік соғыс Қазақстан халқын, оның ішінде Қазақстан жастарының күш-жігері мен қайратын қатал сынаған соғыс болды. Бұл сыннан жастар абыроймен өтті. Олардың соғыстағы ерлігі тарих беттерінде сақталып қалды.



Екінші дүниежүзілік соғыстың алғашқы күндерінен Қазақстанда әскер қатарына жаппай шақыру басталған шақта-ақ ел жастары зор патриоттық белсенділік көрсетті. Жастар патриоттық борышын терең түсініп, соғыс басталған бірінші күннен-ақ майданға жіберуді сұрап, жастар ұйымының комитеттеріне, әскери комиссариаттарға лек-легімен келіп жатты. Мыңдаған жас жігіттер мен қыздар өздерін еріктілер ретінде майданға жіберу үшін басқару органдары мен әскери комиссариаттарға өтініш берді. Алматы қалалық жастар ұйымдарының мүшелері Н.Саламатов, Т.Әзімбаев, Б.Мырзақұлов, Ө.Орынбеков қаланың Фрунзе (қазіргі Медеу) аудандық әскери комиссариатына майданға аттандыруды сұрап өз өтініштерін жазды. Соғыс басталған соң екінші күні осы аудан бойынша ер-азаматтар ғана емес, майданға сұранған 112 қыздан өтініш түсті. Олардың да тілегі майданға жетіп, фашистерден кек алу еді.

1941-1942 жж. Қазақстан жастардан 239 335 атқыштар, басқа әскери мамандығы бар 40 мың жауынгерді дайындады. Олардың ішінде 84 мың жас әскери мамандықты игерді. 10 973-і танк жойғыш, 10 738-і пулеметші, 13 101-і мерген, 9958-і қол пулеметші, 8201-і автоматшы, 7813-і минометші, 4830-ы танкке қарсы ататын қарудың маманы, 1358-і қопарғыш сапер, 6123-і кіші командир болды. Соғыстың алғашқы кезеңінде Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл және Түркістан облыстарында тау ішінде соғысуға бейімделген 11 503 атқыш жауынгер дайындалды. 242 мың жігіт пен қыз майданға Қазақстаннан аттанды, бұл республика жастар одағы мүшелерінің 70 пайызы еді.

Қазақстандық құрамалардың жауынгерлік жолы 1941 жылы Мәскеуден басталып, 1945 жылы көктемде Берлинде аяқталды. Олар Ленинградты қорғады, Сталинградтың түбінде, Курск иінінде шайқасты, Украинаны, Белоруссияны, Молдованы, Балтық елдерін, Еуропа халықтарын да фашистік езгіден азат етті.

Мәскеу түбіндегі жеңістің жалғасы, Сталинград шайқасына Қазақстанда жасақталған 27, 387, 28, 29, 38-ші атқыштар дивизиясы мен 81-ші атты әскер дивизиясы, 152-ші атқыштар бригадасы қатысты. 1942 ж. 10 қыркүйегінде бір ғана Сталинград майданында жалпы қазақ жауынгерлерінің саны 8280 адам болды. Олардың қатарында жас жауынгерлер аз болған жоқ. Бұл шайқаста ерлік істерімен көзге түскен М.Алпысбаев, Қ.Нарғубек, Шахаров және жауынгер жас қыздар М.Тоқтамысова, Р.Момынова, Ә.Бекерованы айтуға болады. Сталинградты қорғаған 7656 жас Кеңес Одағының ордендері және медальдарымен марапатталды. Олардың қатарында Қазақстаннан

М.Асылғожиев, Қ.Сыпатаев, Н.Әбдіров, Х.Доспанова, Т.Мырзаев, А.Ауғанбаев, Д.Әлімбаев, Д.Қәлімбетов, М.Балмағамбетов, Р.Бейсенов, К.Омаров, Н.Ахметов, А.Құрбантаев, К.Қыдыралин, М.Ерғалиев, С.Тішебаев сияқты мыңдаған жас болды. Кеңес Одағының Батыры атағына ие болған Н.Әбдіров небары 23 жаста еді.

Қазақстан жастары Ленинград қаласын қорғауға да белсене қатысты. Балтық майданындағы аймақтарда Н.Сыздықов, С.Рахметов, Ә.Ибенов, А.Кенесарин, И.Омаров, Ө.Жұмаханов, Т.Сапаров, И.Қошқаров, М.Мәдиев, С.Ирманов сияқты жастар ерлік пен батырлықтың үлгілерін көрсетті. Курск түбіндегі шайқаста 73-ші гвардиялық дивизия Қазақстанның даңқын арттыра түсті. Осы шайқаста батырлығы үшін дивизияның 1040 жауынгері түрлі марапатқа ие болды. Қазақстанның төрт қаһарман ұлына, ішінде 23 жасар капитан Илиясовқа Кеңес Одағының Батыры деген жоғары атақ берілді.

Мұндай ерліктер соғыстың әрбір майданында болып жатты. Мысалы, Днепр үшін шайқаста қазақстандық сержант С.Айтқұлов, Украинаны азат етудегі шайқаста 19 жасар А.Үсенов, Ө.Досмұхамбетов, Ж.Елеуісов, Қ.Ырысбеков, Т.Қауыпбаев, С.Шәкіров және т.б. жанқиярлық ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атағына қол жеткізді. Берлин шабуылына 10 мың жерлесіміз қатысып, олардың 27-сі Кеңес Одағының Батыры атанды. 150-ші дивизияның жауынгері Р.Қошқарбаев алғашқы болып Жеңіс туын қадады.

Қорыта келгенде, 1941-1945 жж. әскери оқу орындарына 42 мыңнан астам қазақстандық жас жіберілді. КСРО-ның 3,5 миллионнан астам жастары орден және медальдармен марапатталды. Жеті мыңнан астам жас Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Оның ішінде Қазақстаннан 200 мыңнан аса жігіт пен қыз жауынгерлік ерлігі үшін КСРО орден-медальдарымен марапатталса, оның 94-і Кеңес Одағының Батыры атанды. Осылайша Қазақстан жастары әрбір майдан ошағында жанқиярлық танытып, жеңіске өз үлесін қосты.

Болат САЙЛАН,
Қазақстан тарихы
кафедрасының профессоры,
тарих ғылымының докторы



Ерлік жүректе сақталуға тиіс

Отан соғысы адамзат тарихындағы ең ауыр, ең қасіретті кезеңнің бірі болды. Бұл соғыста Қазақстаннан 1 миллионнан астам жауынгер майданға аттанды. Ел үшін жанын беріп, ерлік көрсеткен батырларымыздың ерлігі ешқашан ұмытылмайды.

Бауыржан Момышұлының ерлігі батырлықтың үлгісі болды. «Ел үшін аянба – ерлігіңе сын, жұрт үшін аянба – жігіттігіңе сын» деп, нағыз ерлік пен азаматтық парыздың не екенін анық айтып, көрсетіп кеткен. Сонымен қатар қазақ халқының қыздары да үлкен ерлік көрсетті. Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлова ел үшін өмірін қиып, ұлттың абыройын асқақтатты. Хиуаз Доспанова әуеде жаумен шайқасып, ерлермен иық тіресе ерлік көрсетті.

9 Мамыр – Жеңіс күні – бұл тек тарихи дата емес, батыр бабаларымыздың ерлігіне бас иіп, ел бірлігінің, бейбіт күннің қадірін ұғыну күні. Бұл күнді атап өту арқылы біз өткенге алғыс айтып қана қоймай, болашаққа деген жауапкершілігімізді де сезінеміз. Бүгінгі таңда еліміздің әр түкпірінде Жеңіс күніне байланысты ардагерлерге құрмет көрсетіліп, түрлі шаралар өткізіледі. Бұл – ұрпақжалғастығының, халықтың рухының сақталып келе жатқанының белгісі.

Бүгінгі таңда елімізде ардагерлерге деген құрмет ерекше. Жеңіс күні қарсаңында ардагерлерге сый-сияпат табысталаып, құрмет көрсетіледі. Қала мен ауылдарда концерт, шеру, еске алу кештері өтеді. Ардагерлерге тегін көлік, дәрігерлік қызмет және материалдық көмек қарастырылған. Мектептерде оқушылар ардагерлермен кездесіп, олармен әңгімелесіп, соғыс жылдарындағы оқиғаларын тыңдайды. Сонымен қатар ардагерлердің ерлігі туралы естеліктер жинақталып, кітаптар мен түрлі деректі, қызықты фильмдер шығуда. Кей қалаларда ес-

керткіштер жаңартылып, гүл шоқтары қойылады. Жас сарбаздар мен волонтерлер ардагерлердің үйлеріне барып, көмек көрсетіп, алғыс білдіреді. Бұл жас ұрпақты елін, жерін сүйуге тәрбиелейтін үлкен сабақ деп білеміз.

Міне, бүгін біз бейбіт аспан астында өмір сүріп жатырмыз. Бұл жеңіс сол ержүрек батырларымыздың арқасы. Олардың ерлігі тек тарих беттерінде емес, біздің жүрегімізде сақталуға тиіс. Сол себепті әрбір азамат елінің жарқын, бейбіт болашағы үшін талмай еңбек етуі қажет. Жас ұрпаққа үлкен үмітпен қараймыз, себебі бүгінгі ұрпақ – ертеңгі ел тірегі. «Сен – ата-анаңның үмітісің. Сен – қайталанбас тулғасың, өз өміріңнің белсенді жасаушысысың, сондықтан өзіңе ғана сен» деген Бауыржан Момышұлы атамыздың сөзі әр адамның жүрегінде сақталуы тиіс. Елін сүйетін, жерін қорғайтын, тарихын ұмытпайтын ұрпақ қана тәуелсіз Қазақстанның жарқын, бейбіт болашағын жасай алады деп ойлаймыз.

Ұлы Жеңістің 80 жылдығы – бұл тек өткенді еске алу ғана емес, тарихымыз алдындағы жауапкершілігіміз болып саналады. Ардагерлеріміздің ерлігі мен өнегесі бейбіт өмірдің қаншалықты бағалы екенін көрсетеді. Олардың әрбір сөзі мен ісі – ұлттың рухани қазынасы. Бүгінгі ұрпақтың міндеті – осы ерлікті ұмытпай, ел бірлігін сақтап, тәуелсіз Қазақстанның гүлденуіне өз үлесін қосу.

Айзат ЕСЕНХАН,
Айзат НАУРЫЗБАЙ,
Метеорология және
гидрология
кафедрасының
1-курс студенттері

Горькая память войны: цифры и факты

В этом году 9 мая исполняется 80 лет со дня Победы в Отечественной войне – исторической даты, которая увековечивает героизм, мужество и единство народов. Казахстан внёс неоценимый вклад в Победу: более 1,2 миллиона казахстанцев отправились на фронт, из которых свыше 600 тысяч не вернулись. Казахстанцы проявили себя в ключевых сражениях, таких как оборона Москвы, Сталинградская битва и штурм Берлина, а в тылу республика стала надежной опорой для производства боеприпасов, продовольствия и размещения эвакуированных. По данным Минтруда, на сегодняшний день в Казахстане проживает: 111 ветеранов Второй мировой войны, 16 796 ветеранов, приравненных по льготам к ветеранам войны, 39 588 тружеников тыла в годы ВОВ.

Постановлением правительства РК от 31 декабря 2024 года утвержден План мероприятий по подготовке и празднованию 80-летия Победы в ВОВ в 2025 году «Ұлы Жеңіс: Ерлікке тағзым, ұрпаққа үлгі». План включает в себя 94 различных мероприятия, в том числе:

Утверждение Указа Президента РК «О единой юбилейной медали «80 лет Победы в ВОВ», а также изготовление медали; Изготовление юбилейной почтовой марки на тему «80 лет Победы в ВОВ»; Присвоение имен ветеранов ВОВ населенным пунктам, улицам, учебным заведениям; Оказание единовременной социальной помощи

и мер социальной поддержки ветеранам Великой Отечественной войны и труженикам тыла; Обеспечение санаторно-курортным лечением ветеранов Отечественной войны и тружеников тыла; Военный парад, посвященный 80-летию Победы в ВОВ и Дню защитника Отечества. Мероприятие станет ключевым событием в рамках празднования 80-летия Победы в Великой Отечественной войне, подчеркнет память казахстанцев об этом значимом событии, значимость защиты родной земли и преемственность героических традиций народа Казахстана; Праздничные мероприятия и торжественные концерты, посвященные 80-летию Победы во второй мировой войне, в том числе в регионах; Церемония возложения венков и цветов к монументам защитников Отечества.

Торжественные церемонии чествования ветеранов ВОВ и тружеников тыла: вручение звания «Халық қаһарманы»; награждение юбилейной медалью «80 лет Победы в Великой Отечественной войне»; Праздничный салют, посвященный 80-летию Победы в ВОВ; Показ вооружения и военной техники, военно-исторических реконструкций и акции «Солдатская каша» на площадях областных центров, городов Астаны, Алматы и Шымкента; Прохождение войск в гарнизонах в честь Дня Победы во Второй мировой войне и Дня защитника Отечества и др.

Это статья посвящена героизму женщин-снайперов в годы Великой Отечественной войны. Женщины связисты, разведчицы, партизанки, лётчицы, снайперы, медики, пулемётчицы заслуживают восхищения. Как они в тяжёлых условиях войны, справлялись с физическими и психологическими нагрузками.

9 мая 2025 года исполняется 80 лет Победе в Великой Отечественной войне. В годы Великой Отечественной войны, тяжёлый путь прошли женщины-снайперы: Алия Молдагулова, Малика Токтамысова, Баян Байгожина и др. Снайперы были обучены действовать на всех этапах войны. Развернутые до самого низкого тактического уровня, они работали на флангах наступления, чтобы атаковать любые цели, которые могли бы его замедлить. К таким целям относились командные элементы и расчеты тяжелого вооружения. Участница Великой Оте-

чественной войны, ефрейтор, снайпер Баян Байгожина родилась в 1923 году в селе Архат, Абайского района, Семипалатинской области. В начале Отечественной войны Баян добровольцем ушла на фронт, ей было всего 17 лет. Воевать Баян начала в составе дорожного батальона, затем добилась перевода в стрелковую часть и стала снайпером. Не прошло бесследно время службы в дорожном батальоне. Баян быстро научилась хорошо владеть оружием, и в снайперской группе приобрела хорошую славу. В боевую задачу снайпера, как правило, входит уничтожение наиболее важных целей в расположении противника (офицеров, наблюдателей, пулеметчиков, связных, членов экипажей танков и расчетов орудий, операторов противотанковых ракетных комплексов и др.). Скоро вся дивизия услышала о Баян.

Была война... Помним и гордимся!

В преддверии Нового 2025 года Президент Казахстана К.-Ж.К. Токаев объявил, что в стране будет торжественное празднование 80-летия Великой победы над фашистской Германией. Отрадно, что в Казахстане помнят о ветеранах Великой Отечественной войны 1941- 1945 года! В рамках празднования 78-летия Победы в Великой Отечественной войне в онлайн формате на специальной платформе был запущен патриотический марш «Ер есімі – ел есінде», позволяющий размещать информацию о героях-казахстанцах [//https://batyrlargatagzym.el.kz](https://batyrlargatagzym.el.kz).

Наши родители, тети и дяди непосредственно участвовали в ВОВ, а также были участниками трудового фронта. Мы очень гордимся ими, передаём память о них своим друзьям, знакомым, детям, внукам и правнукам!



Наш покойный отец – Калишев Хусаин Бейсенович (17.09.1918 - 21.04.1999) родился в г.Кокчетав Каз.ССР, служил в Вооружённых Силах СССР с 5.10.1939 г. по 19.11.1953 г., воинское звание капитан (позже присвоено – майор).

Война застала его студентом 2 курса Ленинградского Педагогического института им. Герцена. Был заместителем командира по политической части Западного фронта 717 СП 170 СД с 22.06.1941 по 22.07.1941 года; Участвовал в обороне и разгроме немецко-фашистских войск под Москвой. Комиссар батальона 20 армии 505-го СП с 01.12.1941г. по 16.02.1942 г. В 1942-1943 гг. воевал на Калининском, II Прибалтийском фронтах. Освобождал Польшу и ее столицу Варшаву в составе II Белорусского фронта, участвовал в штурме Берлина в качестве зам.командира по политической части дивизиона ракетных минометов, провозглашенной в народе "Катюшей". Награжден двумя орденами Отечественной войны I и II степени, двумя орденами Красной Звезды, многими медалями.

С ноября 1953 года после демобилизации преподавал в КазГУ им.С.М. Кирова (КазНУ им. Аль-Фараби) до 1994 г. В музее КазНУ им. Аль-Фараби есть стенд, посвященный ветеранам ВОВ, среди которых есть фотографии военных лет нашего отца-фронтовика.



Наша покойная мама – Калишева (Муртазина) Сююмбике Тухватулловна – ветеран трудового фронта, медицинский работник. С 1941 г. работала в разных медучреждениях в тылу, в тюрьме для политзаключённых в Средне-Азиатском округе.

В нашей семье три дочери, и мы бережно храним память о наших родителях, свято относимся к боевым наградам, заслуженно полученных за проявленное мужество и решимость. Светлая память нашим родителям, родственникам и всем тем, которые ценой здоровья подарили нам мир!

Нажия КАЛИШЕВА,
д.ю.н., доцент
кафедры теории
государства и права,
конституционного
и административного
права

Номинирована на звание Героя СССР

Военный корреспондент Павел Кузнецов, опубликовал статью под названием «Девушка из Чингиз-тау», в праздничной газете «Правда» №57 от 08.03.1945. Свою статью, он посвятил Баян Байгожиной:

«Баян умело выбирала засады, терпеливо, как степной охотник, выжидала и высматривала врага, чутким ухом ловила каждый звук и шорох вокруг, и выстрелы её не знали промахов».

Баян участвовала в боях за освобождение Белоруссии, Литвы, Польши и Германии. Она была в составе групп, которым удалось прорвать оборону врага уже в Германии. Баян лично уничтожила 24 солдата противника и офицера Вермахта («Вермахт» — это вооружённые силы нацистской Германии в 1935–1945 гг.).

За этот бой, Баян Байгожина была награждена Орденом Отечественной войны. Она также была награждена: Орде-



ном Красной Звезды, Орденом Славы 2-й и 3-й степени, Медалью «За отвагу» и др. Чёрные, как уголь, глаза Баян блестяще ярким, глубоким светом. В предместьях Гинденбурга был особенно ожесточённый бой. Баян Байгожина погибла 27 апреля 1945 года в битве за город Гинденбург, под Берлином, когда до Великой Победы оставалось 12 дней.

Номинирована на звание Героя Советского Союза.

По многочисленным просьбам жителей города Семей Восточно-Казахстанской области Краснознаменная улица была переименована в улицу Баян Байгожиной.

Прошло 80 лет с того времени, как отгремели залпы Второй мировой войны. Мы склоняем голову перед светлой памятью Баян Байгожиной, как и миллионов других сынов и дочерей огромной страны, погибших ради своих потомков, во имя искоренения фашизма. Ни в коем случае нельзя забывать имена павших героев, их подвиги, искажать и фальсифицировать историю тех грозных лет. В Казахстане всегда чтит память о Второй мировой войне и гордились ее участниками.

Жанар МУСУЛЬМАНОВА
Библиотекарь-менеджер
Библиотека Фараби

Была Победа...



В преддверии празднования 80-летия Великой Победы и Дня Защитника Отечества в целях повышения престижа воинской службы и Вооруженных Сил Республики Казахстан, военной кафедрой Казахского национального университета имени аль-Фараби, по согласованию с Управлением образования города Алматы 25 апреля 2025 года проведена IV военно-патриотическая игра «Сарбаз» на Кубок Ректора КазНУ имени Аль-Фараби.



защите Отечества. Почетные гости игры поздравили всех участников мероприятия с наступающими праздниками Днем Победы и Днем Защитника Отечества.

В ходе военизированной эстафеты школьники состязались в сборке автомата Калашникова, выполнению нормативов в средствах защиты, военно-медицинской подготовке, снаряжению магазина автомата АК-74, в знании воинских званий и датрсе.

К участию в военно-патриотической игре привлекались лучшие команды из числа старшеклассников школ города Алматы.

На открытии военно-патриотической игры начальник

гражданина, настоящего защитника Отечества. Полковник запаса Ажимов О.В высказал слова признательности руководству университета, Управлению образования города Алматы за активную поддерж-

IV военно-патриотическая игра «Сарбаз» на Кубок Ректора

военной кафедры КазНУ имени аль-Фараби полковник запаса Ажимов О.В. подчеркнул важность военно-патриотического воспитания школьной молодежи и что без любви к своей Родине, к своей земле, к своему городу, школе, дому, невозможно воспитать настоящего

ку инициативы проведения военно-патриотической игры! Почетные гости игры: Член



Правления – проректор по финансово-хозяйственной деятельности и развитию инфраструктуры КазНУ имени аль-Фараби Тасыбаев Абдрахман Батырбекович, председатель профсоюза «Парасат» КазНУ имени аль-Фараби Мекебаев Талгат Кумаргалиевич, заслуженные ветераны Вооруженных Сил Республики Казахстан генерал-майор в отставке

Бондаренко Владимир Петрович полковник в отставке Раджибаев Морис Юнусович, представитель Управления образования города Алматы подполковник запаса Канатов Марат Кенжегалиевич отметили активность и интерес школьников к изучению военного дела, а также привели яркие примеры из истории о героизме наших предков в

Ярко и празднично прошел творческий конкурс, в котором юноши и девушки исполняли песни военных лет, отдельные школы представили целые литературно-музыкальные композиции о Великой Отечественной войне.

В результате упорной борьбы первое место и главный приз - Кубок Ректора КазНУ имени аль-Фараби завоевала команда общеобразовательной школы №137 Жетысуйского района, второе место заняла команда лицея №134 Алмалинского района и третье место завоевала команда школы-лицея №33 Медеуского района города Алматы.

Завершилась игра показательными выступлениями студентов военной кафедры и угощением всех участников и гостей мероприятия солдатской кашей.

Пресс-центр военной кафедры КазНУ имени аль-Фараби



Экология мәселесі қай заманда да күн тәртібінен түскен емес. Өте өзекті тақырып. Жер-жаһанда соңғы жылдары климаттың өзгеруі, түрлі өнеркәсіптің ғарыштық жылдамдықпен дамуы, оның залалы қоршаған орта мен экологияға тиюі, нәтижесінде тұтас экожүйенің бұзылуы – адамзат алдында тұрған көлелі түйін. Сондықтан әлем жұртшылығы, сан мың қауымдастық, мемлекет басшылары мен ғалымдар, өскелең ұрпақ – бәрі бұл проблемаға бейжай қарап отырған жоқ.

ақпараттық негізі ретінде Қазақстанда бар экологиялық сын-қатерлер мен қауіпті анықтау бойынша зерттеулер жүргізу; еліміздегі табиғи және антропогендік сипаттағы сын-қатерлер мен қауіптердің барлық түрлерінің жіктемесін әзірлеу; ҚР табиғи-шаруашылық жүйелеріндегі экологиялық қауіпсіздік деңгейлерін зерттеу және бағалау; ҚР табиғи-шаруашылық жүйелерінің экологиялық қауіпсіздігін басқару жөніндегі іс-шаралардың ғылыми негізделген кешенді жүйесін әзірлеу.



Экологиялық қауіпсіздік зертханасы



ЗЕРТХАНАНЫҢ МАҚСАТ-МІНДЕТІ

Экологиялық қауіпсіздік зертханасының мақсаты – тұрақты даму контекстінде Қазақстанның табиғи-шаруашылық жүйелерінің (ТШЖ) экологиялық жай-күйін кешенді зерделеу негізінде экологиялық қауіпсіздікті басқарудың ғылыми және қолданбалы аспектілерін әзірлеу. Осы мақсатта зертхана алдына мынадай міндеттер қойып отыр: ҚР табиғи-шаруашылық жүйелерінің экологиялық қауіпсіздігін басқару тұжырымдамасын әзірлеу; экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Мәулкен Асқарованың айтуынша, алға қойған міндеттерге сәйкес, екі блоктан тұратын экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасы жасалды. Атап айтқанда мәліметтер базасы мен ақпарат және әрекет блогы құрылды. Бірінші блок негізінде ақпарат пен дерекқорды, зерттеу ауданын және олардың табиғи ортасының ерекшеліктерін сипаттау жұмысы қолға алынды. Сонымен бірге экологиялық сын-қатерлер мен қауіптерді анықтап, сәйкестендіру, одан кейін осы-

ның бәрін жүйелеу көзделді. Жаһандық қауіп-қатерлерге қатысты өңірлік аспектідегі климаттың өзгеруінің экологиялық қауіпсіздікке әсерін, өңірлік қауіп-қатер ішінен Жайық трансшекаралық өзенінің және оның салаларының экологиялық жай-күйін, өңірдің биоәртүрлілігін зерттейді. Жергілікті қауіп-қатер ретінде көмірсутек шикізатын өндіру орындары, атмосфералық ластану зерттеледі.

Профессор Мәулкен Асқарованың айтуынша, бірінші блок сондай-ақ құрамдас бөлікті, яғни табиғи ортаның ком-

поненттері бойынша бағалау жұмыстарын қамтиды: оған атмосфералық орта бойынша ауа ортасының ластануы, гидросфералық орта бойынша өзендер мен суайдындарының ластануы және Батыс Қазақстан өңірінің жер ресурстары мен топырағының тозуы мен шөлейттенуін білдіретін литосфералық орта жатады. Сондай-ақ ластанудың жергілікті халықтың денсаулығына әсері де зерттеу нысанынан тыс қалмайды. Ғалым экологиялық қауіпсіздік деңгейін бағалау негізінде зерттелетін аймақ тұрғындары денсаулығының экологиялық тәуекелі картасын жасай алатындарын да айтты. Осыдан кейін төрт облыс және бүкіл Батыс Қазақстан өңірі бойынша экологиялық қауіпсіздік деңгейіне жалпы интегралдық баға беріледі.

Бір айта кететіні, экологиялық қауіпсіздікті құрамдас және интегралды бағалауды есептеу үшін авторлық әдістер, арнайы есептеу формулалары ұсынылады. Экологиялық қауіпсіздікті бағалауды есептеу үшін қажетті деректерді зертханаға (мегагрант бойынша) әріптестер ұсынады. Олар Батыс Қазақстан өңіріне қатысты зертханалардың далалық және

эксперименттік жұмыстарының нәтижесінде ұсынады. Бізде зерттеу жұмысының модульдік принципі болғандықтан, әрбір зертхана консорциумдағы әріптестерінің жүргізген және алған деректеріне қандай да бір мәселені зерттеуге негізделуі керек.

Екінші блоктың қолданбалы аспектісі бар, яғни алгоритмге сәйкес, ғалымдар әзірлеген тұжырымдамалық схема табиғи апаттар немесе антропогендік жағдайларда табиғи ортаның өзгеруінің түрлі экологиялық жағдайындағы әрекеттерді қамтиды. Бұған баламаларды талдау, басқару шешімдерін таңдау, содан соң басқару шешімдерін енгізіп, бақылау жүргізу жұмысы жатады. Ғалымдар ұсынатын басқару іс-шаралары мынадай төрт экологиялық жағдайда пайдаланылуы мүмкін: табиғи фондық экологиялық жағдайда; фондық қауіпті экологиялық жағдай кезінде; төтенше экологиялық жағдайда; экстремалды экологиялық жағдайда.

Одан кейінгі кезең бақылау ісіне арналады. Бұл – басқару жүйелерінің өзара әрекеттесуін және олардың тиімділігін бақылауды үйлестіруге бағытталған іс-шараларды басқаруды қолдаудың кешенді жүйесі. Оған жоспарлау, ұйымдастыру және іс-әрекетті бақылау ісі кіреді. Сонымен бірге жұмыстың орындалуы да бақыланады.

Мәулкен Әкішқызының пайымынша, жұмыс маңызды экономикалық, экологиялық және әлеуметтік әсерге ие. Өйткені тұрақты даму олардың ретті үйлесімі болып саналады.



Экономикалық әсерге тұрақты экономикалық қызметті қамтамасыз ету, олардың деградациясы үшін ықтимал сыртқы және ішкі сын-қатерлер мен қауіптерді жою немесе азайту мақсатында қолда бар ресурстарды тиімді әрі ұтымды пайдалану арқылы қол жеткізуге болады.

Экологиялық әсер табиғи және техногендік сипаттағы экологиялық сын-қатерлер мен қауіптерді анықтау, жүйелеу және бағалаудан тұрады. Мұны түрлі экологиялық жағдайларда экологиялық қауіпсіздікті басқару бойынша іс-шараларды ұсыну деп түсінген жөн.

Әлеуметтік әсер экстремалды экологиялық жағдайлар кезінде экологиялық қауіпсіздікті басқару, тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және адам шығынының, материалдық залалдың, қоршаған ортаның тозуының алдын алу жөніндегі ұсынымдар арқылы айқындалады.

Ғалымның пікірінше, осылайша қолайлы және таза тіршілік ету ортасын құра отырып, тұрақты дамуға қол жеткізе аламыз. Ал табиғи ресурстар мен биоәртүрлілікті қорғауды қамтамасыз ету, техногендік апаттар мен өзге де апаттардан аулақ болу тұрақты даму мақсатына қол жеткізеді.

Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ



У.Шәлекенов атындағы музей-залында ҚР Орталық мемлекеттік архиві мен ҚазҰУ-дың тарих факультеті бірлесіп «Қазақ жерінің тұтастануы мен «Қазақ» атауының қайтарылуына – 100 жыл» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді.

Профессор атындағы шәкіртақы берілді



Конференция аясында тарих факультетінің «Тарих» білім беру бағдарламасы бойынша маманданатын 15 бакалавр мен магистрантқа профессор Сүлеймен Тұрғанбаев атындағы жалпы көлемі 1,5 миллион теңге көлеміндегі атаулы шәкіртақы тапсырылды. Әр шәкіртке 100 мың теңгеден бұйырды. Шәкіртақыны оқуы үздік, үлгерімі жақсы, ғылыми ізденіс пен университеттің, факультеттің қоғамдық-мәдени өміріне белсене араласатын студенттер алды. Қазақстан тарихы кафедрасы мұндай атаулы шәкіртақы тапсыруды жыл сайын ұйымдастырады. Оның мақсаты – бір жағынан, білім алушыларды жақсы, сапалы білім алуға ынталандыру болса, екінші жағынан, ізгілікке, қайырымдылыққа баулу. Атаулы шәкіртақы тарих ғылымының кандидаты, профессор Сүлеймен Тұрғанбаев есімімен аталады. Ұстаз 1937 жылы Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Бесарық ауылдық кеңесіне қарайтын Октябрь атындағы ұжымшарда дүниеге келеді. Ол ауыл кейіннен «Талап» кеңшары деп қайта

де көрсетеді. Үш жыл референт болып жұмыс істейді де, 1961 жылы Ғылым академиясының Тарих, археология және этнография институтына кіші ғылыми қызметкер боп ауысады. 1963 жылы институттың аспирантурасына қабылданып, оны 1966 жылы аяқтайды. 1971 жылы ақпан айында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғайды және маусым айында Жоғары аттестациялық комитет оны бекітіп, тарих ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесінің дипломын алады. Ал 1971 жылы қазан айында университеттегі Қазақ КСР тарихы кафедрасына конкурстық негізде доцент болып орналасады. Сол кезден бастап ол 22 жыл бойы кафедрада ғылыми-педагогикалық қызмет атқарады. Студент кезімізде бізге арнайы курс оқыса, кейіннен оқытушы болғаннан кейін біз секілді жас мамандарға өзінің ақыл-кеңесін беріп отырды. Доценттік қызметінен басқа, факультетте партия ұйымының хатшысы міндетін атқарды. Факультет басшыларының бірі ретінде 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысқан студенттердің талайын аман алып қалып, өзінің ұстанымы мен адами қасиетін көрсетті. С.Тұрғанбаев 1993 жылдың мамыр айында

қайтыс болды. Сүлеймен Тұрғанбаев біздің есімізде әрі ғалым-ұстаз, әрі адами қасиеттерді жоғары санайтын азамат-тұлға ретінде сақталып қалды.

Атаулы шәкіртақыны тағайындаушы Байқадам Абласанов та тарих факультетінің түлегі, қазіргі кезде елімізге танымал, белгілі меценат. Ол кезінде алғашқылардың бірі болып әріптесі әрі тарих факультетінің түлегі Мұрат Иманқұловпен бірге университет қалашығына кіреберістегі Триумфалды арка құрылысына 1 млн теңге аударған болатын. Одан кейін 10 жылдан астам уақыт бойы профессор С.Тұрғанбаев атындағы шәкіртақыны тағайындап, оны факультеттің ең үздік және белсенді білім алушыларына үздіксіз беріп келеді. Ал биылғы шәкіртақы көлеміне студенттер дән риза. Кезінде доцент С.Тұрғанбаев студенттерге білім беріп, адамгершілікке тәрбиелесе, бүгінде оның шәкірттері ертеңгі азаматтарға қолдау көрсетуде.

Сонымен қатар Б.Абласанов «Тарих» мамандығы бойынша маманданатын студенттердің Петропавл қаласында өтіп жатқан студенттердің республикалық олимпиадасына қатысуына демеушілік көрсетті. Студенттерімізге жеңіс, демеушімізге қажыр-қайрат тілейміз.

Берекет КӘРІБАЕВ,
Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымының докторы, академик

Журналистика факультеті Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасының ұйымдастыруымен «Жасанды интеллект дәуірі: баспа ісі, медиа және дизайн» атты I халықаралық баспа ісі, медиа және дизайн көктемгі мектебі өтті.

ЖИ дәуіріндегі баспа ісі



Ұлттық кітап күні аясында өткен халықаралық шараға ҚР Ұлттық кітап палатасының директоры Әділ Қойтанов, «Атамұра» корпорациясының президенті Рақымғали Құл-Мұхаммед, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, танымал журналист Қайнар Олжай, «AmalBooks» баспасының негізін қалаушы, баспагер Бақытжан Бұқарбай, «Alatau Aqparat» ЖШС директоры Ержан Қалымбайұлы, «Vlast» қазақ редакциясының редакторы, медиатренер Жұлдыз Әбділда т.б. белгілі практик мамандар дәріс оқып, өз тәжірибелерін ортаға салды. Онда медиа мәтінді редакциялау технологиялары, медиадизайндағы жаңашылдық, кітап индустриясындағы жасанды интеллекттің рөлі, фактчекинг және ақпаратты верификациялау, медиаэтика мен медиасауаттылық, сондай-ақ digital журналистиканың өзекті мәселелері талқыланды.

Сонымен қатар «Жасанды интеллект дәуірі: баспа ісі, медиа және дизайн» атты I халықаралық баспа ісі, медиа және дизайн көктемгі мектебі барысында БАҚ өкілдері, баспа саласының мамандары, жоғары оқу орындарының оқытушы-профессорлар құрамы, сондай-ақ Бангладеш, Әзірбайжан, Тәжікстан, Қытай, Моңғолия және Ресей елдерінен келген студенттер, магистранттар мен докторанттар қатысып, түрлі өзекті де қызықты ақпараттар төңірегінде пікір алмасты.

Шара аясында халықаралық ұйымдардың өкілдері мен танымал баспа мамандарының шеберлік сыныптары өтті.

Дәрмен СМАЙЫЛ,
Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасының аға оқытушысы

ҚазҰУ мен Түркия Республикасы «Шетелдегі түркілер және туысқандар» ұйымы, Ыстамбұлдағы Ибн Халдун университетімен бірлесіп халықаралық деңгейде бір айлық семинар жүргізді. Семинар «Қазақстанда түрік тілін оқыту» тақырыбы аясында үш апта онлайн, бір апта офлайн форматта өтіп, ҚазҰУ шаңырағында қорытындыланды.

Білікті маман — болашақ кепілі



Осы семинарға Түркітану және тіл теориясы кафедрасындағы профессор-оқытушылар құрамы да қатысып, білігін арттырды. Кәсіби білігін арттыру курсына екі жақтың университет оқытушылары арасында тәжірибе алмасу, білім берудегі жаңашылдық пен жаңа технологияларды меңгеріп, оны білім алушыларға дәріс барысында қолдану тақырыптары кеңінен талқыланды. Болашақта екі университет бірлесіп түрлі оқу-әдістемелік жобаларды ұйымдастыру мәселесі сөз болды. Семинар қатысушылары Әл-Фараби университеті мен Ибн Халдун университеті арасында екіжақты келісімшарт негізінде қарым-қатынастарымызды нығайту жөнінде ұсыныс тастады. Сонымен қатар университет оқытушылары мен түркиялық

университет оқытушылары бірлесе оқу құралдарын әзірлеу туралы пікір алмасты. Оқулық Қазақстанда түрік тілін оқытуға арналған, оқыту барысында қазақстандық студенттердің түрік тілін меңгеруі барысында туындаған мәселелерді қамтып, оңтайлы білім беруге негізделуі керек деген пікірлермен толықты. Сондай-ақ оқулықтардан бөлек, студенттер үшін академиялық ұтқырлық негізінде студенттердің екі елде білім алуы, студенттерге жазғы демалыста басым бағытты тіл-

үшін Ыстамбұл қаласында білікті арттыру жазғы курсын ұйымдастыру туралы тың ұсыныстар айтылып, алдағы уақытта келіссөздер жүргізу туралы бітімге келді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ұйымдастырылған қорытынды семинарда оқытушылар тіл үйретудегі қазіргі заманғы жаңа инновациялық технологияларды меңгерді. Түрік тілін жеңіл әрі қызықты етіп оқыту үшін түрлі платформаларда жұмыс істеп, жасанды интеллектің мүмкіндігін пайдалану т.б. бағыттарда білімдерін жетілдірді. Ибн Халдун университетінен келген оқытушы-профессорлар құрамына университет оқытушылары Қазақстанда түрік тілін үйрету мен дәріс жүргізудегі өз методикаларымен бөлісіп, жаңа технологиялар арқылы айтылу, жазылу, тыңдау, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру мақсатында пайдаланылатын заманауи әдістерді қолданып ашық дәріс өткізді. Білікті арттыру курсының соңында барлық қатысушылар сертификаттармен марапатталды. Оқытушы-профессорлар құрамы осындай тағылымы мол істерге ұйытқы болғаны үшін ҚазҰУ ұжымына алғыс білдіреді.

Қанат ӘШІРҚҰЛОВ,
Шынарай БҮРКІТБАЕВА,
Түркітану және тіл теориясы кафедрасының оқытушылары

Ақтау қаласында 9-11 сынып оқушылары арасында жаратылыстану-математикалық бағыттағы химия және информатика пәндері бойынша республикалық олимпиада өтті.

Ұшқыр ойлы оқушылар

Олимпиаданың әділқазылар алқасының құрамында университетіміздің химия және химиялық технология факультетінің Аналитикалық, коллоидтық химия және сирек элементтер технологиясы кафедрасының аға оқытушылары Елдана Бақытжан мен Гүлмира Сембайқызы болды. Олимпиадаға республикамыздың әр өңірінен білімді, ұшқыр ойлы оқушылар келіп қатысты. Осыған орай, әр мектеп түлегінің жеке қызығушылығы мен қабілетін ескере отырып, химия және химиялық технология факультетіндегі білім беру бағдарламалары мен мамандықтар туралы толық мәлімет берілді.

Олимпиададан кейін кафедра меңгерушісі, химия ғылымының кандидаты Ақмарал Мұхамбетқызы Б.Бейсекбаев атындағы мектеп-гимназия оқушылары арасында кәсіби бағдар беру кездесуін өткізді. Оқушыларға химия ғылымының мүмкіндіктері, қайталама шикізатты қайта өңдеу перспективалары және экологиялық қауіпсіз технологияларды енгізудің маңызы туралы айтылды.



Кәсіби бағдарлау жұмыстары мектеп түлектерінің болашақ мамандықтарын таңдаудағы ең маңызды кезең. Мұндай жұмыс дұрыс жүргізілсе, жасөспірімдер өздерінің мүддесі мен қабілетіне сай мамандықты таңдап, болашақта жоғары жетістіктерге жету үшін алғашқы қадамын нық жасай алады.

Гүлмира БЕЙСЕНОВА,
АКХЖСЭТ кафедрасының аға оқытушысы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің кітапханасында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультетінің Қаржы, кеден және экологиялық құқық кафедрасының оқытушылары заң клиникасының өкілдерімен бірлесе отырып, «Гендерлік теңдік және әйелдер мен қыздардың құқығын кеңейту» тақырыбы аясында дөңгелек үстел өткізді.


Іс-шараға қабылдаушы жоғары оқу орнының тарих және құқық факультетінің «Құқықтану» мамандығы бойынша білім алушы 1-2 курс студенттері мен Құқық кафедрасының оқытушылары – заң ғылымының докторы, профессор Айгүл Бижанова мен PhD докторы Динара Белқожаева қатысты.

Гендерлік теңдік мәселесі талқыланды

БҰҰ Орнықты даму мақсаттарын Қазақстан аумағында, оның ішінде жастар арасында түсіндіру, кең насихаттау және жүзеге асыру тетіктеріне талдау жасау қажеттіліктеріне сәйкес ұйымдастырылған бұл маңызды дөңгелек үстелдің маңызы ерекше болды. Өйткені гендерлік ұғымына дұрыс талқы жасау, мемлекетіміздің ресми ұстанып отырған гендерлік саясатың мазмұнын толық ашу, гендерлік пен жыныстық қатынастардың өзара арақатынасын ажырата білу – өзекті мәселе. Ал мұндай басқосу өскелең жас буының гендерлік сауаттылығын қамтамасыз етуді көз-

дейді. Шара барысында, әсіресе ерлер мен әйелдердің тең құқығы мен мүмкіндігі туралы арнайы ҚР заңнамасына, сондай-ақ жинақталған заманауи озық халықаралық тәжірибеге баса назар аударылды. Екі сағатқа созылған жиын соңында студенттер қарастырылып отырған мәселеге орай көкейкесті сұрақтарын қойды, оған ҚазҰУ өкілдері тарапынан нақты жауап берілді.

Жайсаңбек АМАНЖОЛОВ,
Қаржы, кеден және экологиялық құқық кафедрасының доценті, заң ғылымының кандидаты



Таңдаулы адамдар теориялық білімдерінің ешбірінде баршаға мәлім пікірлер арқылы расталатын біліммен шектеліп қалмайды.

«Ұлы дала тарихы – ұлт тарихы» көрмесі



Көрме «Наурызнама» онкүндігі аясында халқымыздың ұлттық құндылықтарын дәріптеу мақсатында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тарихы музейі мен «Таңбалы» мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығының ұйымдастыруымен өтті.

Көрменің басты мақсаты – қазақ халқының этнографиялық терең тарихы, мәдени мұрасы, салт-дәстүрі мен рухани құндылығын насихаттау арқылы жоғары білімді, ұлтжанды, саналы жастарды тәрбиелеу. Мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи қорық-музейінің көне тарихтан сыр шертетін жарта суреттері бар тас үзінділері мен археологиялық қазбадан табылған артефактілері – ежелгі петроглифтерімен таныстыру.

Қорық-музей 2004 жылы 7 шілдеде ЮНЕСКО БҰҰ «Білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы», «Бүкіләлемдік мәдени және табиғи мұраны қорғау жөніндегі конвенциясы», «Таңбалы археологиялық ландшафтының петроглифтері» бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізілген бірегей аспанастан музейі.

Ата-бабаларымыздың қоршаған ортамен етене өмір сүріп, өздерін табиғаттың ажырамас бөлшегі санағанын және Ұлы даланы мекендеген халықтардың дүниетанымы мен құндылығын қалыптастырған көне мәдениеті.

Археологиялық кешен 5000-нан астам жарта суреттері мен 100-ден аса – б.з.д. XIII-XIV ғасырлардың ортасынан бастап, XIX-XX ғасырларға дейінгі аралықтағы кезеңдермен мерзімделетін қоныстар, қорымдар, ежелгі тас қашау орындары, петроглифтер мен ғұрыптық құрылыстардан құрылған.

Көрменің ашылу салтанатына «Таңбалы» мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи қорық-музейінің қызметкерлері, музей директорының ғылыми істер жөніндегі орынбасары Ринат Қалимолдаұлы, тарих факультетінің оқытушылары, студенттер және Алматы қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің мұғалімдері Сәуле Изенбаева, Гүлсайраш Аутан бастаған 10-сынып оқушылары қатысты.

Ринат Шарипов жаңа экспозициялар туралы деректі экскурсия жүргізді. Сонымен бірге «Таңбалы» туралы видеофильм көрсетілді.

Ардақ ЖАБЫҚПАЕВА,
музей жетекшісі

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: kaznugazeta@gmail.com
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.